

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 1310 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 264 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2006 жылға арналған квота белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 1310 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 50, 645-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін :

1-тармақтағы "0,55", "0,24", "0,18" деген сандар тиісінше "0,70", "0,25", "0,32" деген сандармен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі